

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған іс-шаралар бойынша ақпарат

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай іс-шаралар жоспары құрылып бекітілді. Жоспарланған барлық іс – шаралар өткізілді.

1-2 сынып оқушыларының қатысуымен «Анамен бірге тамақ дайындаймын» тақырыбында шеберлік сыныбы ұйымдастырылды. Оқушылар аналарымен бірге тағам әзірлеп, бейнепрезентация жасады. Белсенді қатысқан сыныптар: 1А,1Б, 1В, 1Г, 2Б, 2В, 2Г, 4Г.

8-9 сынып оқушылары «Әлемнің мәні әйелде» тақырыбында эссе жазды. Үздік эссе мектептің инстаграм парақшасында жарияланды. Белсенді қатысқан сыныптар: 8А сыныбы (Бекен Ж.А.)

3 наурыз аға тәлімгер Ерекешова Ж.Ф. мен «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері 5- сыныптар арасында қыз сынын өткізді. 1 орынға 5Г сынып оқушысы Кәрібай Аяжан, 2 орынға 5А сынып оқушысы Газизова Алуа, 3 орынға 5А сынып оқушысы Қойбағар Самира иеленіп, мақтау қағаздарымен марапатталды.

Мектеп парламентінің мүшелері «Аяулы, асыл жандар!» тақырыбында бейнеқұттықтау жасады.

3-4 сынып оқушылары «Гүл мереке, күн мереке – 8 Наурыз» тақырыбында сурет салды. Үздік суреттер мектептің инстаграм парақшасында жарияланды. Белсенді қатысқан сыныптар: 3Е,3В, 4Б.

1-11 сынып оқушылары «Арулар, асыл жандар» тақырыбында бейнеқұттықтаулар жасады.

5 наурыз күні ұстаздарға арналған «Көктем шуағы» тақырыбында мерекелік концерт болды. Концертте мектеп директоры барлық әйелдер қауымын құттықтады.